



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«АМАНАТ» және «Ауыл»
халықтық-демократиялық
патриоттық партиялары
фракцияларының мүшелеріне
депутаттары
партиясы фракциясының**

*2024 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-144 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қарағанды облысының автомобиль жолдарына қатысты қарап, сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Нұра ауданының «Жараспай – Құланөтпес» автомобиль жолы аудандық маңызы бар жолдарға жатады және асфальт жабыны жоқ, топырақ-қиыршықтасты жол болып табылады.

Ағымдағы жылы көктемде қардың еруі мен қарғын судың өтуі кезінде автомобиль жолының учаскесі шайылып, нәтижесінде жол төсемі зақымданды. Бүгінгі таңда көлік құралдарының қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету үшін жол төсемі қалпына келтірілді.

Қазіргі уақытта Нұра ауданының әкімдігі ақау актісін дайындауда, оның қорытындысы бойынша облыс әкімдігіне асфальт жабыны автожолға жөндеу жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу туралы өтінім жіберілетін болады.

Қажетті техникалық құжаттаманы әзірлеудің қорытындысы бойынша облыстық бюджет комиссиясында автомобиль жолына жөндеу жүргізуді қаржыландыру мәселесі қаралатын болады.

Құланөтпес пен Соналы ауылдарының арасындағы жол құрылысына қатысты келетін болсақ, Қарағанды облысы әкімдігінің ақпараты бойынша бұл жол Нұра ауданының аудандық маңызы бар жолдар тізбесіне кірмейтінін, далалық жол болып табылатынын және ауыл тұрғындары оны жылдың жазғы уақытында ғана пайдаланатынын хабарлаймын.

Бұдан басқа, аталған жол жеке тұлғаларға немесе шаруа қожалықтарына тиесілі, нысаналы мақсаты ауыл шаруашылығы дақылдарын егу және жануарларды жаю болып табылатын осы жолды қамтитын, жер учаскелері арқылы өтеді.

Осыған байланысты, Қарағанды облысы әкімдігінің ұстанымын ескере отырып, Құланөтпес аен Соналы ауылдары арасында жол салу және оған аудандық маңызы бар жол мәртебесін беру экономикалық тұрғыдан орынсыз деп санаймыз.

Қазіргі уақытта аталған ауылдар арасындағы қатынас Аудандық маңызы бар «Пикет-Соналы-Изенді» автомобиль жолы арқылы жүргізілуде.

Жалпы, депутаттық сауалда көтерілетін автожолдарды салу және реконструкциялау мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында, олар бойынша жұмыс Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасын орындау шеңберінде жүргізіледі.

Р. Скляр



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
фракции партий «АМАНАТ»,
Народно-демократическая
патриотическая партия «Ауыл»

На № ДЗ-144 от 27 марта 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно автомобильных дорог Карагандинской области, сообщаю следующее.

Автомобильная дорога «Жараспай – Куланотпес» Нуринского района относится к дорогам районного значения и является грунтово-гравийной без асфальтового покрытия.

В текущем году при весеннем таянии снега и прохождении талых вод участок автомобильной дороги был размыт, в результате было повреждено дорожное полотно. На сегодняшний день для обеспечения безопасного проезда транспортных средств дорожное полотно восстановлено.

В настоящее время акиматом Нуринского района готовится дефектный акт, по итогам которого в акимат области будет направлена заявка о разработке проектно-сметной документации на проведение ремонта автодороги с асфальтовым покрытием.

По итогам разработки необходимой технической документации на областной бюджетной комиссии будет рассмотрен вопрос финансирования проведения ремонта автомобильной дороги.

Касательно строительства дороги между селами Куланотпес и Соналы, сообщаю, что по информации акимата Карагандинской области данная дорога не входит в перечень дорог районного значения Нуринского района, является полевой дорогой и используется жителями сёл только в летнее время года.

Кроме того, указанная дорога проходит через земельные участки, принадлежащие физическим лицам или крестьянским хозяйствам, целевым назначением которых является посев сельскохозяйственных культур и выпас животных, перекрывающих данную дорогу.

В этой связи, с учетом позиции акимата Карагандинской области, считаем строительство дороги между селами Куланотпес и Соналы и придания ей статуса дороги районного значения, экономически не целесообразным.

В настоящее время сообщение между данными селами ведется по автомобильной дороге районного значения «Пикет-Соналы-Изенды».

В целом, поднимаемые в депутатском запросе вопросы строительства и реконструкции автодорог, находятся на постоянном контроле Правительства, работа по которым проводится в рамках исполнения поручения Главы государства, данных в Послании народу Казахстана 1 сентября 2022 года.

Р. Скляр